

Тақырыбы: «Ерте жастан қазақ тілін үйрену»
(ата-аналарға арналған кеңес)

Дайындаған: қазақ тілі мұғалімі
Глеубаева О.А.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Балаларды ерте жастан қазақ тілін үйренуге баулу жалпы сөйлеу дамуы үшін, есте сақтау, зейін, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру үшін, сондай-ақ халықтың мәдениеті мен дәстүрлеріне құрмет тәрбиелеу үшін үлкен маңызға ие.

3–4 жас кезеңі екінші тілді меңгеруге ең қолайлы болып саналады: бала сөздерді тез жаттайды, дыбыстар мен интонацияны оңай қайталайды, ойын түріндегі оқытуға белсенді қатысады.

1. Танымдық қабілеттердің дамуы. Бала жаңаны байқап, сөздерді заттармен және құбылыстармен салыстыруды үйренеді.
2. Есте сақтау қабілетінің дамуы. Жаңа сөздерді қайталау және бекіту қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді есте сақтауды дамытады.
3. Сөйлеу белсенділігін қалыптастыру. Балалар күнделікті жағдайда қарапайым қазақша сөздер мен тіркестерді қолдана бастайды.
4. Мәдениетке құрмет тәрбиелеу. Тіл арқылы балалар халық дәстүрлерімен, ұлттық ойындармен және әндермен танысады.

Қазақ тілін ерте жастан үйрену – баланың үйлесімді дамуының маңызды шарты. Тілді меңгеру есте сақтау, зейін, танымдық процестерді дамытады, сондай-ақ мемлекеттік тіл мен ұлттық мәдениетке құрмет қалыптастырады.

Оқыту тиімділігі көп жағдайда педагогтар мен ата-аналардың бірлескен жұмысына байланысты. Сабақтар ойын, қозғалыс және жағымды эмоцияларға негізделуі тиіс, ал баламен қарым-қатынас жылы әрі қолдаушы атмосферада өтуі маңызды.

Қазақ тілін меңгеру үшін оны ерте кезеңнен, бала өз бетінше алғашқы қадамдарын жасап, балабақшаға келген уақыттан бастап үйрену қажет.

Тілді кезең-кезеңімен үйрету өте тиімді: бірінші қадам – фонетиканы меңгеру. Себебі фонетика – кез келген тілді үйренудің негізі. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту 3–6 жас аралығында қалыптастырылуы тиіс. Егер оқыту ойын түрінде жүргізілсе, балалар дыбыстарды дұрыс айтуға өте бейім болады.

Мектепке дейінгі жаста қазақ тілін үйрену баланың жалпы сөйлеу қабілеттерін дамытып қана қоймай, болашақта табысты қарым-қатынас жасауға негіз қалайды.

Егер бала қазақ тілін үйренгісі келмесе не істеу керек?

Ең алдымен, баламен жылы сөйлесіп, оның неліктен қызықпайтынын анықтау қажет. Негізгі себептер:

- оған қазақ тілін үйрену қиын;
- оған қызық емес.

Егер балаға қиын болса, міндетті түрде қазақ тілі мұғалімімен кеңесіңіз. Мұғалім сөздерді, тіркестерді, өлеңдерді қалай оңай жаттауға болатынын түсіндіріп, грамматикалық ерекшеліктерді айтып береді.

Баланың қызығушылығын арттыру үшін ата-аналар үйде де көмектесе алады: оқыту мультфильмдерін, компьютерлік бағдарламаларды, арнайы балалар сайттарын қолдану тиімді.

Баламен сөздерді қалай үйренуге болады?

Карточкалар – қарапайым әрі тиімді әдіс. Түрлі түсті қағаздардан карточкалар жасап, бір жағына сурет, екінші жағына аудармасын жазыңыз. Оларды тақырып бойынша («Түстер», «Жануарлар», «Сандар», «Ойыншықтар», «Менің отбасым», «Жыл мезгілдері» және т.б.) бөліп сақтауға болады. Бос уақытыңызда оларды өзіңізбен бірге алып жүріп, қайталап отырыңыз.

Баланың дұрыс айтуын қалай қалыптастыруға болады?

Дұрыс дыбыстауды қалыптастыру – ұзақ процесс. Ол үшін баланың есту қабілетін, дыбыстарды ажыратуын және дұрыс айтуын дамыту қажет.

Егер сіз қазақ тілін білмесеңіз, баламен бірге аудио материалдарды тыңдап, қайталау тиімді. Ал егер білсеңіз, бірге тыңдап, қайталап, ойын түрінде жаттығулар жасауға болады. Мысалы, орыс сөздеріндегі кейбір дыбыстарды қазақ тілінің дыбыстарымен алмастырып, қызықты ойын ұйымдастыруға болады.

Ата-ана ретінде сіз балаңыздың білім алуында маңызды рөл атқарасыз. Оқуды қызықты әрі табиғи ету үшін баланы кішкентайынан білім алуды сүйеге үйрету қажет.

Балалар қазақ тілін үлкен қызығушылықпен үйренеді. Үйде сөздерді қайталау арқылы сіз де өз біліміңізді жетілдіресіз. Балалардың қазақ тілінде сөйлей бастағанын есту – үлкен қуаныш.

Мен өз ана тілім барлық ұлт өкілдерінің қарым-қатынас тілі болғанын қалаймын. Абай, Шәкәрім, Жамбыл, Мұхтар Әуезов, Мұқағали Мақатаевтың тілі Қазақстанда тұратын барлық халықтың тіліне айналсын. Еліміз гүлденіп, халықтың әл-ауқаты арта берсін. Республикамызда әрдайым бейбітшілік пен тыныштық болсын!

**«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің «№7 бөбекжайы» КМҚК**

«ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНЕМІЗ»

Қазақ тілі мұғалімі: Тлеубаева О.А.

Қостанай қ.
2025–2026 оқу жылы

